


Әділдігі үшін ату жазасына кесілген сот

Біз білмейтін, ақиқаты айтылмаған, тарих қойнауының қатпарлы белдеулеріне көміліп қалған тұлғалар аз емес. Соның бірі – Әділ Сұлтанбекұлы. Ол өз заманында туралықты бетке айтатын, қаншама адамға көмегі тиген әділ сот болған. Сол туралығынан туғанына жақпай, қуғын-сүргін көргенін де алдыңғы толқын ағалар естелік етіп айтып отыратын.



Замандастарының арасында «Әділ сот» атанып кеткен ол 1900 жылы қазіргі Ордабасы ауданына қарасты Қараспан ауылында дүниеге келген. Әкесі Сұлтанбек Арыс өзеніне қармақ салып, бала-шағасын баққан қарапайым шаруа болған деседі. Кейіннен ауыл биі Мәлібай бастаған көш Сырдария өзенінің төменгі тұсындағы елге барып қосылады. Ондағы орыс балалармен бірге өскен Әділ інісі Омар екеуі тілді оңай меңгереді. Балаларының болашағынан үлкен үміт күткен Сұлтанбек ауылдағы төрт жылдық мектепті бітірген екі ұлын Қазан қаласындағы медресеге береді. Бұл жерде де зеректігімен көзге түсіп, небәрі 16 жасында Әділ Түркістан ояздығының тілмәші болады. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін ояздық уездік комитет болып қайта құрылады да, Әділ комитет төрағасының орынбасарлығына бекітіледі. Осылайша оның қызметтік өрлеу жолы басталады. 18 жасында НКВД-ның бастығы лауазымына жоғарылатылады. Ал, Өзбек АССР

құрылғанда Өзбекстанның Жоғарғы сотының орыс тілі бөліміне басшылық етеді. Ташкенттің тарихын жақсы білетін ол осы тұста Бостандық ауданын Қазақстанға қайтару жайлы мәселе көтереді. Бірақ, оның бұл ұсынысы жергілікті билікке жақпай қалады. Оны орталықтан аластау үшін астыртын жұмыс жүреді. Көп ұзамай Жызак облыстық сотының төрағасы етіп жібереді. Қазағы басым облыста көп отырғызбай Хорезмнен бір-ақ шығарады. Қайда жүрсе де тік мінезімен көзге түсіп, абыройға бөленетін оның артында мынадай әңгіме бар. 1932 жылдың қақаған қара суығында бір топ қарағандылық қазақ азық-түлік тиеген керуенімен ұсталады. Қара халыққа бидай, арпа, ұн сияқты азық-түлік өнімдерін жеткізіп, апаршылықтан аман алып қалудың әрекеті болса керек. Сот төрағасы Әділ Сұлтанбекұлы НКВД қызметкерлерімен сөйлесіп, керуенді босатады. Бұл Голощекиннің құлағына жететінін алдын-ала біліп, сол кездегі заңға сай халық өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз

етуге құқығы бар екенін көрсетіп, хат жазады. Осылайша қарапайым халыққа жасаған қамқорлығы үшін қуғынға түскелі тұрған біраз адамды құтқарып қалған екен. Ұақытша қамауға алынған қарағандылық қазақтар тұтқыннаң босатылады. Қамаудан босап шыққан бауырларымыз өзара келісіп, керуеннің көшбасшысы Сармантай Сахы бастаған бір топ адам Әділдің алдына барып, ризашылықтарын білдірген екен. «Ризашылығымыздың белгісі ретінде мына түйені үстіндегі азық-түлігімен сізге сыйға тартамыз» дейді Сармантай. Сонда Әділ сот: «Мені мемлекет асырайды, маған сыйға тартқан түйе мен азық-түліктеріңді тарығып отырған кедей-кепшікке тегін таратыңдар» деген екен.

Иә, шыншыл болу, әділетті болу қашан да қиын. Қандастарына жасаған осы бір қамқорлығы үшін оның қызметі тағы біраз төмен құлдылайды. Облыстық сот төрағасын ауданға прокурор етіп жібереді. Бұл қызметте жүріп те қарапайым халыққа көп көмектеседі. Құқық

қорғау саласынан барынша алыстатуды ойлағандар енді оны Мақтаарал мал өнімдерін дайындау (заготскот) мекемесінің директоры етіп төмендетеді. 1937 жылдың қазан айының 4-ші жұлдызында Әділ Сұлтанбекөвті НКВД-нің Қызылқұм аудандық бөлімшесі тұтқындайды. Кеңес өкіметіне қарсы шыққан ұлтшыл, тәуелсіздікті көксеген кісі ретінде түрмеге қамайды. Сол 1937 жылдың қараша айының 28 жұлдызында НКВД үштігінің шешімімен Әділ Сұлтанбекөв ату жазасына кесіледі. Бұл бұйрық қарашаның 29 жұлдызында орындалады. Өзбек КСР Жоғарғы сотының сот коллегиясы Әділ Сұлтанбекөвті 1964 жылдың 30 наурызында «халық жауы» деген жаладан толық ақтады.

*Кеңес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы*

Оңтүстік Қазақстан

мемлекеттік университетінің

аға оқытушысы, ғылым кандидаты.